

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**

**Симуляциялық орталық**

Симуляциялық орталық басшысы, магистр, аға оқытушы  
**ТУЛЕЖАНОВ ЕРБОЛ НУРИЛЛАЕВИЧТІҢ**  
2025-2026 оқу жылында 25-31 қаңтар аралығында іс-сапар

**ЕСЕБІ**

## I. ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ ЖӘНЕ СИМУЛЯЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУДЫ ДАМУ

2026 жылғы 25–31 қаңтар аралығында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұйымдастырған іссапар шеңберінде Симуляциялық орталық директоры Тулежанов Ербол Нуриллаевич және оператор-программист маманы Жақсылық Таңшолпан Нұрланқызы Қарағанды медицина университеті мен Астана медицина университетінің симуляциялық орталықтарымен танысты.

Іссапардың негізгі мақсаты – университеттің симуляциялық орталығын халықаралық стандарттарға (ДДҰ, ACGME, WFME) сәйкес дамыту, сондай-ақ Қазақстандағы жетекші медициналық оқу орындарының симуляциялық орталықтарымен тәжірибе алмасу. Бұл тәжірибе студенттердің практикалық дағдыларын жетілдіру және медициналық білім сапасын арттыруға бағытталған.



Қарағанды медицина университетінің Симуляциялық және білім беру технологиялары орталығының директоры Кемелова Гулшат Сейтмуратовна



Қаңтар айының 26-27 күндер аралығында Қарағанды медицина университетінің Симуляциялық және білім беру технологиялары орталығының директоры Кемелова Гулшат Сейтмуратовна және орталық қызметкерлері қарсы алып, орталықтағы роботтандырылған симуляторлардың жұмыс қағидалары, симуляциялық оқыту бағдарламалары, оқу, басқару және бағалау жүйелері таныстырылды.

Сонымен қатар 29-30 күн аралығында Астана медицина университеті, Симуляциялық орталығының басшысы Саурбаева Гаухар Кайратовна қарсы алып, жаңа әдістерді көрсету және тәжірибе алмасу жұмыстарын ұйымдастырды.

Іссапар барысында қатысушылар роботтандырылған симуляторлар, симуляциялық оқыту бағдарламалары, басқару және бағалау жүйелерімен танысып, жаңа технологияларды қолдану бойынша тәжірибе алмасты.



Астана медицина университеті,  
Симуляциялық орталығының  
басшысы  
Саурбаева Гаухар Кайратовна



## II. ЖШС «МЕДИЦИНАДАҒЫ СИМУЛЯЦИЯНЫҢ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ҚОҒАМЫ» (EURASIM) ҚҰРУ

Қарағанды медицина университетінің Симуляциялық және білім беру технологиялары орталығының директоры Кемелова Гүлшат Сейтмуратовна, Медицина саласындағы симуляцияның Еуразиялық қоғамы (EurASim) атты Бірінші ұйымдастырушылық кездесуді онлайн форматта 30 қаңтар 2026 жылы өткізді.

Онлайн форматтағы баяндамада Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі  
Атауы: ЖШС «Медицинадағы симуляцияның Еуразиялық қоғамы» (EurASim)  
Мемлекеттік тіркелу күні: 2026 жылғы 15 қаңтар  
БСН: 260140013067

Басшы: заңды тұлғаны құру құқығын берген орган тағайындаған Кемелова Гүлшат Сейтмуратқызы

Құрушылар:

Кемелова Гүлшат Сейтмуратқызы

Сапалиди Евгения Владимировна

Тимахович Марина Владимировна, - таныстырылды.

### **EurASim миссиясы**

«Медицина саласындағы білім сапасын арттыруға және пациенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үлес қосу, симуляциялық технологияларды пайдалана отырып оқытуды дамыту, енгізу және ғылыми негіздеу арқылы кәсіби мамандар мен білім беру ұйымдарын біртұтас ынтымақтастық кеңістігінде біріктіру».

### **EurASim мақсаты және клиникалық бағыттары**

Қоғам мүшелерінің қарым-қатынас жасауына және тәжірибе алмасуына жағдай жасау, өзара қолдауды дамытуға бағытталған іс-шараларды өткізу.

### **Негізгі міндеттер**


- Симуляциялық негіздегі заманауи оқыту технологияларын дамыту және енгізу;
- Медицинада симуляциялық оқытуды енгізу және тарату мәселелерінде нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;
- Симуляциялық технологияларды пайдалана отырып оқыту мен білім беруде стандартталған тәсілдерді қамтамасыз ететін бірдей талаптар мен ұсынымдарды әзірлеу, енгізу және тарату;
- Симуляциялық технологияларды қолдана отырып оқытудағы жаңа технологиялар туралы ақпаратты тарату;
- Кәсіби стандарттар мен біліктілік талаптарына сәйкес практикалық дағдыларды қорытынды немесе сертификаттық аттестацияға дайындауға көмек көрсету;
- Медицинада заманауи симуляциялық оқыту технологияларын енгізумен байланысты басылымдар мен полиграфиялық өнімдерді құру және тарату;
- Қазақстан Республикасында симуляциялық оқытуды дамыту және қолдану саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- Медицинада симуляциялық оқытуды енгізу және дамыту артықшылықтары мен мәселелерін қарастыратын конференциялар ұйымдастыру және өткізу.

### **ЖШС «EurASim» мөрі мен логотипі.**



ЖШС «EurASim» мөрі мен логотипі – ұйымның ресми сәйкестендіру элементтері, олар құжаттарда, келісімшарттарда, ресми хаттарда қолданылып, ұйымның заңды мәртебесін және брендин білдіреді.

### Қоғамның ұйымдастырушылық құрылымы



## Ревизиялық комиссия

Саурбаева Гаухар  
Кайратовна  
Талкимбаева Найля  
Ануаровна  
Калменов Нурлан  
Джуманович

ІТ бөлімі (веб-  
сайт)

Жоспарлау және  
әкімшілендіру  
бөлімі

Қоғамның ұйымдастырушылық құрылымы – қоғамның жұмысын жүйелі түрде ұйымдастыру үшін бекітілген ресми құрылым. Ол басқару органдарының (Кеңес, Басқарма, Ревизиялық комиссия) рөлін, қызметін, жауапкершілігін және өзара байланысын анықтайды.

## Қоғамның басқару кеңесі

Кемелова Гульшат Сейтмуратовна, Қарағанды медицина университеті  
Симуляциялық және білім беру технологиялары орталығының басшысы

Капышев Тимур Сайранович, Нұр-Сұлтан университеті Симуляциялық  
орталығының басшысы

Джансенгиров Серік Максимович, «Талдықорған қалалық Жоғары  
медициналық колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры,  
Денсаулық сақтау басқармасы

Муканова Динара Адлетовна, «МУС» ЖОО Симуляциялық оқыту  
технологиялары кафедрасының меңгерушісі

Саурбаева Гаухар Кайратовна, «МУА» ЖОО Симуляциялық орталығының  
басшысы

Талкимбаева Найля Ануаровна, Қазақ Ұлттық медицина университеті  
(ҚазНМУ) Симуляциялық орталығының басшысы

Калменов Нурлан Джуманович, «ЮКМА» АО Симуляциялық орталығының  
басшысы

Бегалина Дана Толеухановна, Батыс Қазақстан медицина университеті Негізгі  
академиялық ұйымының Орталық патологиялық нормалар басшысы

**Тулешанов Ербол Нуриллаевич, Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік университеті, Симуляциялық орталығының  
басшысы**

Тимахович Марина Владимировна, «ЕврАСим» Еуразиялық симуляциялық  
қоғамының құрылтайшысы

Сапалиди Евгения Владимировна, «ЕврАСим» Еуразиялық симуляциялық  
қоғамының құрылтайшысы

Бұл диаграмма ұйымның ұйымдастырушылық құрылымын көрсетеді. Онда әр қызметкердің аты-жөні, лауазымы және жетекшілік ететін орталығы немесе бөлімшесі көрсетілген. Диаграмма арқылы қоғам немесе ұйымдағы әрбір орталықтың және жетекшілердің бір-бірімен байланысы, басқару және жауапкершілік қатынастары айқын көрінеді.

### III. АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

Іс сапар барысында төмендегі жұмыстар атқарылды:

- Симуляциялық орталықтың құрылымымен және материалдық-техникалық базасымен танысу;
- Хирургиялық және клиникалық бағыттағы симуляторлармен, оның ішінде роботталған симуляторлардың жұмыс істеу қағидаларымен танысу;
- Студенттер мен резиденттерге арналған симуляциялық сабақтардың өткізілу тәртібін бақылау;
- Оқыту сценарийлерін құрастыру және бағалау әдістерін талқылау;
- Симуляциялық орталық мамандарымен тәжірибе алмасу және консультациялар жүргізу.

### IV. ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛГЕН НӘТИЖЕЛЕР

Іс сапар нәтижесінде:

- Симуляциялық оқыту үдерісін ұйымдастырудың тиімді әдістері бойынша тәжірибе алынды;
- Роботталған симуляторларды оқу процесіне енгізу жолдары зерделенді;

- Симуляциялық орталықта қолданылатын бағдарламалар мен оқу сценарийлері бойынша практикалық білім қалыптасты;
- Алдағы уақытта бірлескен тәжірибе алмасу және ынтымақтастықты дамыту жөнінде ұсыныстар жасалды.

## V. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ҰСЫНЫСТАР


Іс сапар барысында алынған тәжірибені университеттің симуляциялық орталығының жұмысын жетілдіруде, студенттер мен интерндерді практикалық даярлауда, сондай-ақ симуляциялық оқыту бағдарламаларын жаңартуда қолдану ұсынылады.

Біз туралы Оқуға түсу Білім Ғылым Клиника ҚМУ-дағы өмір QMU Official


### Жаңалықтар




Денсаулық сақтау Министрлігі медициналық көмек құқығына қатысты Конституциялық өзгерістер жобасын талқылады



ХҚТУ қызметкерлерінің танысу сапары



ҚМУ ауылдық аймақтардың балаларына консультациялық диагностикалық көмек көрсету



ҚМУ түлектері мен жұмыс берушілердің мансаптық кездесуі

### Жарнамалар

«Қарағанды медицина университеті» КеАҚ студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының жыл сайынғы Республикалық конкурсының І (ЖОО ішіндегі) кезеңінің өткізілетіні жайлы хабарлайды (бұдан кейін – СҒЗЖ конкурсы)

Қарағанды медицина университеті Clinical Cases ресурсына кіруге рұқсат алды

Қарағанды медицина университетіндегі AMBOSS платформасы

Құрметті жас ғалымдар!

Университет Сенатының Жастар ісі жөніндегі Комитеті «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы – Ректордың стипендиясын тағайындауға құжаттарды қабылдаудың басталғаны туралы хабарлайды.

[Барлық жарнамалар ↗](#)

О нас Поступление Образование Наука Клиника Жизнь в КМУ Official КМУ

### Ознакомительный визит сотрудников МКТУ



27 января 2026

27 января 2026 года в рамках развития медицинского образования Центр симуляционных и образовательных технологий НАО «Қарағанды медицина университеті» посетили Тулежанов Ербол Нуриллович, директор симуляционного центра Медицинского факультета Международного казахстанско-турецкого университета (МКТУ) имени Х. А. Ясауи и Жақсылық Таңшолпан Нұрланқызы, оператор-программист симуляционного центра МКТУ. Во время

### Лента новостей

Опубликовано: 03.02.2026

В Минздраве обсудили проект Конституционных изменений в части права на медицинскую помощь

Опубликовано: 27.01.2026

Ознакомительный визит сотрудников МКТУ

Опубликовано: 27.01.2026

Консультативно-диагностическая помощь КМУ детям сельских регионов

Опубликовано: 26.01.2026

Карьерная встреча выпускников КМУ и работодателей

Опубликовано: 21.01.2026

[Все новости ↗](#)

**Қарағанды медицина университетінің ресми сайтында ХҚТУ қызметкерлерінің танысу іс-сапары туралы ақпарат жарияланды**

Күні: «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2026 жыл.

Симуляциялық орталық басшысы \_\_\_\_\_

**Е.Н.Тулежанов**